

"Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" Кентау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 320 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 93 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қарашада № 25462 болып тіркелді

ШЕШТІ:

Кентау қалалық мәслихатының "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" 2019 жылғы 29 қарашадағы № 320 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5299 тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Кентау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 57 шешімімен бекітілген (Нормативтік құқықтық құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3939 тіркелген) Кентау қаласының жерлерді аймақтарға бөлу схемасы негізінде, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 505 және 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшелемелерін 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 аймақтарда 50 (елу) пайызға арттырылсын."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кентау қалалық
мәслихатының хатшысы*

Т. Балабиев